

Казкоммерцбанк 2013 жылдың 1 тоқсанындағы қызметінің нәтижелерін жариялайды

2013 жылғы 16 мамыр, Алматы. – Казкоммерцбанк, ХҚЕС талаптарына сәйкес құрылған шоғырландырылған қаржы есептілігіне негізделген 2013 жылғы 1 тоқсанындағы қызметінің нәтижелерін жариялады.

2013 жылғы 3 айы бойынша негізгі көрсекіштер:

- Банктің таза пайдасы 2011 жылдың 1 тоқсанымен салыстырғанда 6 360 млрд. теңгеден 15%-ға 7 308 млрд. теңгеге дейін өсті:
- Активтер 2012 жылдың соңындағы 2 445 млрд. теңгеден 4.7%-ға 2 560 млрд. теңгеге дейін өсті.
- Брутто-қарыздары 2013 жылдың басынан бері 1,4%-ға төмендеді.
- Депозиттер 2013 жылдың басынан бері 9,4%-ға өсті және 1 700 млрд. теңгеге жетті.
- 1-деңгейдегі капиталдың бірдейлік коэффициенті 13% құрады.
- Банктің меншікті капиталының бірдейлік коэффициенті 16,3% құрады.
- Түзетілген таза пайыздық маржа 3,9%
- Қызметтер мен комиссиялар бойынша таза кірістер 18,5%-ға өсті.
- Операциялық шығындар 6,8%-ға төмендеді.
- Провизиялар есептелгенге дейінгі операциялық кірістерге қатысты операциялық шығындар 2011 жылдағы 21,3%-бен салыстырғанда 20,5%-ға дейін жақсарды.
- Клиенттерге арналған несиелер бойынша резервтеу мөлшерлемесі 32,9% құрады

Таза пайыздық кіріс.

Провизиялар есептелгенге дейінгі 2013 жылдың 3 айы бойынша таза пайыздық кіріс айтарлықтай өзгерген жоқ және 2012 жылдың 1 тоқсанындағы 30,5 млрд. теңгемен салыстырғанда 30,4 млрд. теңге құрады.

Пайыздық емес кірістер.

2013 жылдың 3 айы бойынша таза пайыздық кірістер осыдан бір жыл бұрынғы көрсеткіштермен салыстырғанда 11,5 млрд. теңгеден 7,5 млрд. теңгеге дейін төмендеді. Негізінен, аталған төмендеу туынды қаржы құралдары бойынша кері іске асырылмаған қайта бағалау есебінен пайда болды.

Қызметтер мен комиссиялар бойынша кірістер 2012 жылдың 1-тоқсанындағы 6 071 млрд. теңгемен салыстырғанда 16,7%-ға 7 085 млрд. теңгеге дейін өсті. Негізінен, комиссиялық кірістің өсуі пластикалық карталармен жүргізілген операциялардан түсетін кірістің 20,8%-ға және кассалық операциялар бойынша кірістің 10,0%-ға өсуі есебінен пайда болды.

Операциялық шығындар.

Операциялық шығындар 2011 жылдың 3 айы бойынша 8,3 млрд. теңгемен салыстырғанда 6,8%-ға 7,8 млрд. теңгеге дейін төмендеді. Бұл, негізінен, персоналға жұмсалатын шығындардың (11,8%-ға немесе 568 млн. теңгеге) төмендеуіне байланысты пайда болды.

Құнсыздану бойынша шығындар

Клиенттерге ұсынылған несиелер бойынша қалыптастырылған провизиялардың үлесі берілген несиелердің жалпы көлемінде 2012 жылғы 31 желтоқсандағы 32,5%-бен салыстырғанда 32,9%

құрады. Провизияларға бөлінген қаржы 2012 жылдың 1-тоқсанындағы 25,7 млрд. теңгемен салыстырғанда 17,9 млрд. теңге құрады.

Әрекет етпейтін қарыздардың үлес салмағы несиелердің жалпы көлемінен 29,8% құрады. Банк әрекет етпейтін қарыздар ретінде корпоративтік клиенттер бойынша 30 және одан астам күнге және жекелеп қызмет көрсетілетін клиенттер бойынша – 60 және одан астам күнге мерзімін өткізген клиенттердің толық берешегін анықтайды.

Банк 2013 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша бірнеше жылда ақшалай қаражат түспейтін жекелеген корпоративтік клиенттердің кейбір несиелерін анықтады. Бұл несиелер бойынша есептелген пайыздық кіріс 2012 жылдың 1-тоқсанындағы 10,8 млрд. теңгемен салыстырғанда 2013 жылдың 3 айы бойынша 10,5 млрд. теңгені құрады. Банк осы жағдайды ескеріп, сол кредиттер бойынша кредиттік шығын резервін қалыптастырды. Толығырақ ақпаратпен Банктің қаржылық есептілігіне қоса тіркелген № 6 ескертпеден танысуға болады.

Салық салу

Пайдаға салынатын салық бойынша шығын 2012 жылдың 1-тоқсанындағы 1,7 млрд. теңгемен салыстырғанда 2013 жылдың 1-тоқсанында 1,8 млрд. теңге құрады. 2013 жылдың 1-тоқсаны үшін салық салудың тиімді мөлшерлемесі 19,8% құрады.

Капиталдың бірдейлігі

Бірінші деңгейдегі капиталдың бірдейлік коэффициенті 2013 жылғы 31 наурызға сәйкес 13% құрады. Шоғырландырылған есептілік негізінде есептелген меншікті капиталдың бірдейлік коэффициенті 2013 жылғы 31 наурыздағы жағдайы бойынша 16,3% құрады.

Бизнес сегменттері бойынша нәтижелер

Корпоративтік сектор және ШОБ

Корпоративтік секторға берілген нетто-несиелердің көлемі 2012 жылғы 31 желтоқсандағы 1 704 млрд. теңгемен салыстырғанда 1 655 млрд. теңгені құрады. Клиенттерге берілген нетто-несиелердің жалпы көлеміндегі корпоративтік секторға берілген несиелердің (нетто) үлесі 2012 жылдың соңына қарай 88,9%-дан төмендеп, 88,1% құрады.

Корпоративтік сектор клиенттері қаражатының көлемі (мемлекеттік бағдарламалар бойынша бөлінген қаражатты есепке алмағанда) 2012 жылғы 31 желтоқсандағы 789,2 млрд. теңгемен салыстырғанда 2013 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша 938,2 млрд. теңге құрады. Олардың клиенттер қаражатының жалпы көлеміндегі үлесі 2012 жылғы 31 желтоқсандағы 50,8%-бен салыстырғанда 55,2% құрады.

Жекелеп қызмет көрсету секторы

Жекелеп қызмет көрсетілетін клиенттердің қаражат көлемі, негізінен, талап етілмелі депозиттердің есебінен болмашы түрде (2012 жылғы 31 желтоқсандағы 659 млрд. теңгемен салыстырғанда 0,2%-ға, яғни 658 млрд. теңгеге) төмендеді. Жеке тұлғалардың мерзімді депозиттерінің көлемі 2013 жылғы 1-тоқсанында 2,1 млрд. теңгеге ұлғайды.

2013 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша Қазақстан аумағында Банктің 23 филиалы мен 128 бөлімшелері қызмет етеді. Осыған қоса, Банктің дамыған альтернативтік сатылым желісі бар. Банкоматтар мен POS-терминалдардың саны 1 358 және тиісінше 15 618 құрады.

Жекелеп қызмет көрсету секторына берілген нетто-несиелердің көлемі, негізінен нетто тұтыну несиелерінің өсуі есебінен, 2012 жылғы 31 желтоқсандағы 213,2 млрд. теңгеден 224,1 млрд. теңгеге дейін, яғни 5,1%-ға өсті. Клиенттерге берілген нетто-несиелердің жалпы көлеміндегі жекелеп қызмет көрсету секторына берілген нетто-несиелердің үлесі 2012 жылдың соңындағы 11,1% -дан 11,9%-ға дейін өсті. Жекелеп қызмет көрсетілетін бизнеске берілген нетто-несиелердің көлеміндегі

ипотекалық қарыздардың үлесі 2012 жылғы 31 желтоқсандағы 57,7%-ға қарағанда 55-ға дейін төмендеді.

Казкоммерцбанк туралы

«Казкоммерцбанк» АҚ Қазақстан мен Орталық Азиядағы ең ірі банктердің бірі болып табылады. Банктің 2013 жылғы 31 наурыздағы активтері 2 560,4 млрд. теңгені құрады.

Банк зейнетақылық қамтамасыз ету, зейнетақы және қаржы активтерін басқару, сақтандыру және брокерлік қызмет көрсету салаларында қызмет ететін еншілес компанияларға ие. Сонымен қатар Банктің Ресей Федерациясында, Тәжікстан Республикасы мен Қырғыз Республикасында еншілес банктері бар.

Банктің ірі қатысушылары: «Орталық-Азиялық инвестициялық компания» АҚ, Н.С. Субханбердин мырза, «Alnair Capital Holding» АҚ, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ, Еуропалық Қайта құру және Даму Банкі.

Банктің акциялары «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың (KASE) ресми тізіміне енгізілген. Негізгі активтері болып банк акциялары табылатын жаһандық депозитарлық қолхаттар (ЖДҚ) Лондон қор биржасының (ЛҚБ) листингінде орналастырылған. Банк ТМД банктерінің қатарында бірінші болып 2006 жылғы қарашада 845 млн. АҚШ доллары сомасына Лондон Қор Биржасында ЖДҚ нысаны бойынша IPO аяқтады..

Байланыс үшін:

Алия Нурсипатова, Инвесторлармен байланыс бөлімі

Тел.: +7 (727) 258-51-25, E-mail: investor_relations@kkb.kz

Лариса Коковинец, Бұқарамен байланыс департаментінің директоры

Тел.: +7 (727) 258-54-56, E-mail: pr@kkb.kz